

«ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНЫҢ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
БАСҚАРМАСЫ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



Перваі
Приказ о НС

Государственное учреждение
«УПРАВЛЕНИЕ
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ
ГОРОДА ШЫМКЕНТ»

БҰЙРЫҚ
01.06.2019ж.
Шымкент қаласы

ПРИКАЗ
№ 1634/К
город Шымкент

Шаруашылық жүргізу құқығындағы
мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындардағы
байқау кеңестерінің құрамы туралы

«Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Заң
«Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарда байқау
кеңесін құру қағидаларын, байқау кеңесінің құрамына сайланатын адамдар
қойылатын талаптарды, сондай-ақ Байқау кеңесінің мүшелерін конкурстық
іріктеу және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату қағидаларын бекіту
туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жыл
20 ақпандағы № 113 бұйрығына, «Денсаулық сақтау саласын дамытудың кейбір
мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің
2018 жылғы 17 қыркүйектегі № 540 бұйрығына, шаруашылық жүргізу
құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындардың байқау кеңесін
мүшелеріне конкурстық іріктеу жүргізу жөніндегі конкурстық комиссияның
отырысының 2019 жылғы 26 маусымдағы хаттамасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫ**

1. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындардың (бұдан әрі – Кәсіпорындар) байқау кеңестерінің құрамы 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.
2. Кәсіпорындардың байқау кеңестерінің ережелері 29-56 қосымшаға сәйкес бекітілсін.
3. Кәсіпорындардың басшылары осы бұйрықтан туындайтын тиісінше шараларды қабылдасын.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басқарма басшысының орынбасары Ғ.Абишевке жүктелсін.
5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Басшының м.а.

А. Байдувалиев

0001381

Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының
2019 жылғы
№ 163 ш/б бұйрығына
5-қосымша



Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№5 қалалық емхана» мемлеке коммуналдық кәсіпорнының байқау кеңесінің құрамы

Сейдалина Жибек Маратовна	-	Шаруашылық жүргізу құқығындағы «№5 қалалық емхана» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының басшысы
Шорабаев Даулет Сеилбекович	-	Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының емдеу профилактикалық қызметті үйлестіру бөлімінің жетекші маманы <i>басқарушының орынбасары</i>
Толубаев Анарбай Андеевич 8702 544 8884 a.tolubaev-84@mail.ru	-	Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының медициналық көмекті жоспарлау және қаржы бөлімінің басшысы <i>басқарушының орынбасары</i>
Ахметов Ералы Есенгельдиевич	-	«Республикалық электрондық денсаулық сақтау орталығы» РМКА Шымкент қалалық филиалының директоры <i>басқарушының орынбасары</i>
Тастанов Алиби Махамбетұлы	-	«Али-Сот» ЖШС аутоорсингтік заң компаниясының директоры <i>басқарушының орынбасары</i>